

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

др.) предпочтение отдается таким способам перевода терминов, как выбор эквивалента, семантическая конвергенция.

При переводе научных и технических произведений (монографии, статьи, учебные материалы, деловые, проектные, конструкторские документы и др.) широко применяются поиск эквивалента, калькирование – семантическое и структурное. В научно-популярных произведениях, рекламных материалах, производственно-массовых текстах используется калькирование, построение описательных конструкций [5, 57-59].

Во многих случаях переводчик выступает одновременно и в качестве редактора переведенного им текста. При этом он решает общие задачи, относящиеся к терминологическому редактированию переведенных текстов: проверяет правильность перевода отдельных терминов, соответствие терминов терминосистемам ЯО и ЯП, соответствие терминов ЯП общим лексико-семантическим особенностям этого языка [5, 60].

В.М. Лейчик считает, что перевод научных, технических и иных терминов можно с полным основанием рассматривать как творческий процесс. Выбор способа перевода того или иного термина может быть сравнен со способами создания терминов в ЯП, в связи с чем в настоящее время обсуждается проблема «перевод терминов как процесс терминотворчества» [4, 58].

Глобализация в экономике Казахстана влияет не только на экономический рост нашей республики, но и на языковое развитие, что связано с более активным вхождением новых языковых единиц в различные отрасли науки, производства и повышающийся интерес к изучению экономической терминологии. Экономические термины стали все чаще звучать в устной речи, а также их употребление на различных сайтах. Все это актуализирует поставленную проблематику и в таких условиях возникает повышенное внимание к адекватному экономическому переводу.

Так как на сегодняшний день происходит значительное увеличение количества терминов, обращение к известным научным теориям представляется, безусловно, интересным и в определенном смысле полезным, поскольку в их терминологических системах оригинальным способом раскрывается содержание терминов, вызывающих споры и разногласия в современной науке.

Список использованных источников:

1. Федоров А.В. Основы общей теории перевода. – М., 2002, С.13
2. Комиссаров В.Н. Теория перевода. – М., 1990, С. 34
3. Авдоница Л., Савостьянова Л. Теория и практика перевода. – Астана, 2010, С. 12
4. Научная электронная библиотека Киберленинка – [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://cyberleninka.ru/>
5. Лейчик В.М., Шелов С.Д. Лингвистические проблемы терминологии и научно-технический перевод. М., 1990. – С.78
6. Арапова Н.С. Варваризмы как этап освоения иноязычного слова // Вестник Моск. Ун-та. Сер. 9. Филология. – 1989. – №4. – С. 36
7. Некрасова И.В. Английский язык: практикум по переводу экономических текстов: Учеб. пособие. Екатеринбург: изд-во Урал.гос. экон. ун-та, 2006. Ч. 1. – С. 90
8. Скороходько Э.Ф. Полнота и точность перевода научно-технических терминов: метод оценки // НТИ. Сер. 2. – 1980. - №7. – С. 163
9. Лейчик В.М. Перевод терминов как процесс терминотворчества // Всесоюз. конф. «Совершенствование перевода научно-технической литературы и документов». 7-9 сентября 1988г.: Тез.докл. и сообщ. – М., 1988. – С. 130

Термин сөздер мен терминология мәселесі тіл білімі саласында ерекше орын алады. Терминология ғылымға көптеген жаңалықтардың енуіне байланысты күн өткен сайын жаңарып, толықтырылып отыр. Өмірдің көптеген саласында кең етек жайған терминдер лингвистерді әрдайым қызықтырып, оларды қазақ тіліне аудару мәселесі де үлкен пікірлер тудырғаны белгілі. Сондай пікірлердің үлкен алаңына айналған медициналық терминдер аударылуы соңғы уақыттары бірнеше отандық лингвист ғалымдардың назарын аударып, қазақ тіл білімі саласына үлкен жаңарулар алып келді. Тілдер арасында сөз алмасу үдерісі қалыпты жағдай болғанмен, қазақ тілінің сөздік қорын төл терминдермен толтыру үлкен маңызға ие екенін мойындау керек. Кейбір медициналық терминдер әлі де төл тілдік қорымызда аудармасын таппаған. Оның себебі неде? Медициналық терминдердің аударылу күйі қандай? Осы сұрақтар болашақ аудармашыларды қызықтырып, өз кезегінде төмендегі мақалада талқыланбақ.

Медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуы өте күрделі үдеріс екені белгілі. Ғалымдардың растауы бойынша, оның күрделілігі мынадай жайттармен байланысты: біріншіден, медицина ғылымының өзі тірі ағзаның қызметінің бұзылуын қалпына келтіру деп аталатын күрделі мәселені зерттейді. Осыған сай оның мазмұнын анықтайтын метатілі де оңай бола алмайды; екіншіден, медицина ғылымының сөздік қорының негізгі бөлігі грек, латын тіліндегі лексикадан тұратын болса, оны қазақ тілінің заңдылықтарына ыңғайлау және оны дәл беретін атау сөз табу оңай емес, себебі медицина мамандарын дайындауда оқу, оқу-әдістемелік құжаттардың басым бөлігі орыс тілінде; үшіншіден, медицина тілінде тірі ағзадағы түрлі жасушадағы химиялық, биологиялық өзгерістер сол салада арнайы білімі бар тұлғаларға ғана түсінікті болғандықтан, қазақша таңдалған термин сөзді көпшіліктің бірден қабылдауы қиын.

Жарияланған ғылыми зерттеулерде медицина бағытындағы терминдердің тақырыптық топтары төмендегідей сипатта беріліп жүр: 1) ауру атаулары, 2) аурудың себептері не этиологиясы, 3) аурудың белгілері, 4) емдеу әдістері мен үдерісі, 5) дәрілік атаулар, 6) анатомиялық терминдер, 7) заттек атаулары. Бұл топтардың ішінде 1,5,7-топтардың лексикалық бірліктері, терминдері, 2,3,7- топтағы терминдік атауларға қарағанда молынан кездеседі [1].

Бұл медицина саласындағы ғылыми ізденістердің жаңашылдығына, емдеу мен ауруды анықтау әдістері мен жолдарының, жаңа құрал-жабдықтарының пайда болып қолданысқа енуіне тікелей байланысты. Қазақ тіліндегі еңбектерде осылардың қатарынан ауру атауларына қатысты терминдердің қалыптасуы көбірек сөз болып жүргендігі байқалады.

Топтастырылуы	Ағылшынша	Қазақша аудармасы
Ауру атауы	A) Malaria B) Scurvy	A) безгек B) діңгене, құркұлақ
Аурудың шығу себебі	A) Infected mosquitoes B) deficiency of vitamin C	A) Жұқпалы масалар B) C дәруменінің жетіспеушілігі
Белгілері	A) Vomiting; Anemia B) hemorrhage; spongy gum	A) Құсу, лоқсу; Қаназдық, құп-қулық; B) қан кету, қансырау; кеуекті қызыл иек

Емдеу әдістері	A) Follow-up B) intake citrus fruits	A) диспансерлеу B) цитрусты жемістерді қабылдау
Дәрілік атаулар	A) Quinquina; artemisinin	A) Хинин; артемицин
Анатомиялық терминдер	A) intestine B) mucous membrane	A) ішек B) шырышты қабық
Заттек атаулары	A) Parasite	A) Паразит, тоғышар;

Медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуын сөз еткенде, назар аударатын тағы бір мәселе – әдеби тіл нормасынан ауытқудың болуы. Тілдің өзіне тән заңдылықтары мен жалпы ұстанымдарын сақтай отырып, медицина терминін жасауда тілдің кей деңгейлерінде нормадан ауытқу ұшырасады. Бұл кезде терминологияның өзі жалпы әдеби тілдің дамуына белгілі бір дәрежеде әсер ететіндігі көрсетіліп жүр.

Бұл, әсіресе, терминологиялық сөзжасамға тән. Бұл салада арнайы терминологиялық нормалар бар, сол арнайы норма бола тұра орфографиялық, орфоэпиялық, акцентуациялық және грамматикалық нормалар жалпы әдеби тілге тән болып келеді. Терминжасамдағы дербес бағыттардың пайда болуы, яғни тек терминологияға тән бағыттардың болуы норманың кәсіби нұсқасы деген түсінікті туғызды. Норманың кәсіби нұсқасында мынаны ескеру керек: әрі ғылыми, яғни кәсіби тілге және әдеби тілге тән жалпы нормаларды назарда ұстау керек.

Норманың кәсіби нұсқасы әдеби тілде жоқ, бірақ арнайы мәнге атау беруді қажет ететін жаңа ұғым пайда болғанда туындайды. Бұл кезде жаңа ұғым әдеби тілдің нормасынан туындамайды, кәсіби мақсаттан, мамандар бағалауымен туады. Мысалы, әдеби тілде көп түбірге ие шұбалаңқы сөздер жоқ, ал терминологияда ол нормаға сай болып табылады: вектор-электрокардиоскоп, ультрасонотахокардиоскоп. Бұларға сондай-ақ әр түрлі символдармен тіркескен, қысқартулармен біріктірілген қолданыстар жатады. Атап айтқанда, П-мезондық-образдық, ӨЖЖ ИВЛ аппараты (жасанды тыныс алдыру аппараты) М-типті прибор (магнетронноготипті прибор). Осылайша терминологияда тілдің жалпы әдеби тілдегі сөзжасам жүйесінде көріне алмайтын мүмкіндігі ашылады [2].

Медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуына пікір білдірген ғалымдардың ішінде аударған Т.Зайсанбаевтың пайымдаулары үлкен назарға ие. Ол өзінің мақаласында медицина ғылымында қолданылып жүрген терминдер мен терминдік тіркестердегі кемшіліктерді, оның себептерін былайша топтастырып береді:

1) халықаралық терминдердің қазақ тілінің заңдылығына сай дыбысталмауы, мақала авторының өз сөзімен келтірсек: «... Көптеген медициналық терминдердің арғы төркіні латын, грек тілдері екені белгілі. Бірақ бұлар қазақ тіліне орыс тілінің жазылуы, айтылуы үлгісімен енгендіктен, қазақ тілінде білім алған адамға бұлардың жазылуы да, айтылуы да айтарлықтай қиындық келтіреді, себебі Кеңес өкіметі кезінде жасалған әліпбиімізде қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігі мүлде ескерілмеген. Кеңес өкіметінің мұндай ұстанымды ұсынуындағы басты мақсаты – орыстандыру саясаты болғанын аңғармайтынымыз өкінішті. Ол үшін тілдің дыбыстық құрылымын бұзу керек болды. Тілдің дыбыстық құрылымы оны сыртқы әсерлерден қорғайтын «иммунитеті» екенін, «иммунитетінен» айырылған тілдің үстем тілдің илеуіне оңай көнетінін сұңғыла саясаткерлер жақсы білген және өздерінің қитұрқы әрекеттерін байқатпау үшін басқа тілдерден орыс тіліне енген терминдерді «халықаралық терминдер» деп атап, «халықаралық терминдерді аударуға болмайды» деген ереже де шығарып қойған. Осы ережеге басы айналып қалған ғалымдарымыз «халықаралық терминдер» деп жүрген сөздеріміздің орыс тілінің заңдылығымен дыбысталып тұрғанына, тура осы сөздердің дүниежүзінің барлық тілдерінде сол тілдердің заңдылықтарымен дыбысталатынына мән бермейді. Барлық тілдерде фонетикалық заңдылық бар да, тек қазақ тілінде ғана заңдылық жоқ сияқты...»;

2) қазақша медициналық мәтіндерде кездесетін тағы бір кемшілік – кейбір сөз тіркестерінің орыс тілінің үлгісінде құрылуы;

3) дене мүшелеріне қатысты кейбір атаулардың әр тілде әрқалай айтылатынын жақсы білмеуден туындайтын қателіктер [3].

Әрине, бұл пікір жалпы дұрыс. Дегенмен, құрамында латын, грек элементтері бар медицина терминдерінің барлығы бірдей қазақша дыбыстауға көне бермейтінін де ескеру керек деп есептейміз. Мысалы, гипоксия, гипертензия терминдерін қалай қазақша дыбыстау керек, осы сөздің құрамындағы «и» әрпінің дыбысталуы қазақ тілінің заңдылығына сай екі түрлі дыбыстала алады:

а) «и» [ый], қазақ тілі фонетика оқулықтарында бұл мына сөздердің құрамында келеді, тиын [тыйын], қиын [қыйын];

ә) «и» [ій], мысалы тиін [тііін], киін [кііін].

Оның үстіне қазақ тілінде қ, г тек жіңішке дауысты дыбыстармен (көз, гүл), қ,ғ жуан дауысты дыбыстармен (қас, қағаз) келеді. Осы ережелерге сүйенсек, жоғарыдағы терминдер құрамында келетін осы дыбыстардың қайсысының таңбасы дұрыс? [гійпөгсійә] ма, [ғыйпоксыйа] ма? Бұл қиындықтарды болдырмаудың бірден-бір жолы, біздіңше, оларға дәл аударма табу не сол күйінде пайдалану. Халықаралық терминдер қатарына саналу үшін, біріншіден, ол сөздің құрамында грек, латын элементтері болуы керек, екіншіден, ол сөздер не сөз тіркестері өзгеріссіз кем дегенде үш тілде жұмсалуды керек, сол кезде ғана оны осы санатқа қосамыз. Мұндай терминдер тілді тұтынушылардың түрлі тілде сөйлейтіндігіне тәуелсіз, сол ортақ терминдер себебімен бір-бірінің не туралы айтып отырғанын ұғуға мүмкіндік алады. Бұл тілдің кәсіби салада кеңінен қолданылуына аз болса да септігін тигізеді. Ал барлық терминдерді аударуға ұмтылу бір кездері қазақ тілі тарихында болған пуризм бағытына апарып соғуы мүмкін. Жалпы медицина терминдерінің қазақшалануына қатысты қоғамдық пікір оң деуге болады.

Медициналық терминдердің аударылу жолдарын қазақ тілі сөзжасамына және лексикалық қорына байланысты мынадай топтарға бөлуге болады:

Аударылу жолы	Ағылшынша	Қазақша
Түгелдей	Hypotrophy Arthritis Explantation Diagnostics Anabiosis Angioma Anorexia Coecum/cecum	Ағза көлемінің кішіреюі Буын қабынуы Клеткаларды жасанды өсіру Нақтама Шалажансап Тамырлар ісігі Тәбетсіздік бүйен
Жартылай	Autolaboratory Grasping reflex Migrative granuloma Chronic peritonitis Biorhythm Electric injury Vestibular apparatus	Автозертхана Жармасу рефлексі Көшпелі гранулема Созылмалы перитонит Биорытм Электржарақаттану Вестибуляр аппараты

Қазақ тіліне тән жұрнақтар арқылы	Gas gangrene Abstinence syndrome Virus pneumonia Cryoscopic method Neurocirculatory dystonia Toxic neuritis Cylindrical lens Exogenous hypoxia	Газды гангрена Абстиненттік синдром Вирусты пневмония Криосакопиялық әдіс Нейроциркуляциялық әдіс Токсикалық неврит Цилиндрлі линза Экзогендік гипоксия
-----------------------------------	---	--

Медицина лексикасын оқыту мәселесін қозғаған К.Аяпбергенова қазақ медицинасының қалыптасуы мен оның тілінің қазақша қалыптасуына ықпал еткен, негіз болған зерттеулер мен олардың авторларын жинақтап көрсеткен. К.Аяпбергенованың жазуына қарағанда, өзінің қалыптасуы мен даму ерекшелігіне қарай қазақ медицина терминдік лексикасының тарихы өте ертеден басталған. Бұған дәлел – бұдан бес ғасыр бұрын өмір сүрген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының өз тәжірибесінен 1467 жылы медицина туралы жазған «Шипагерлік баян» атты еңбегі.

Қазақстанда тарих пен ғылыми медицинаның революцияға дейінгі кезеңі туралы материалдарды «Түркістан уәлаятының газеті» (1870-1883), «Дала уәлаятының газеті» (1888-1902), «Қазақ» газеті (1913-1918), «Айқап» (1911-1915) журналы сияқты мерзімді баспасөз беттерінен де кездестіруге болады. Сол кездегі оқу-ағарту мәселесімен бірге, халықтың денсаулығы туралы да көптеген жұмыстарды қолға алуда Ж.Аймауытов пен М.Жұмабаев еңбектерінің орны ерекше болғаны сөзсіз. Ж.Аймауытов «Психология» атты еңбегінде ұлттық ғылыми психологиялық терминдерді бір ізге түсіріп, жалпы терминдер қорына енгізген. Республикада денсаулық сақтау ісі мен медицина ғылымының қарқынды дамуы соғыстан кейінгі жылдарда ерекшеленеді. Сол жылдары медицина ғылымының дамуына атақты ғалымдар А.Сызғанов, Х.Барлыбаев, И.Қаракұлов, С.Қарынбаев елеулі еңбек сіңірді. 1950 жылдары дәрігер-ғалымдар Г.Тарабаева, С.Омаров «Медицина ғылымының терминдері» атты сөздікте 978 медициналық терминді қамтыған. 1960-1970 жылдары анатомия терминологиясын лингвистика жағынан арнайы зерттеген диссертациялық еңбектер пайда бола бастады.

Қазір дәрігерге қаралу барысында құжаттардың қазақ тілінде толтырыла бастауы, дәрі-дәрмектерді пайдалануға берілетін нұсқаулықтардың қазақ тілінде жазылуы мен оқылуы медицина саласында қазақ тілінің қолданылу аясының кеңігенін көрсетеді.

Медицина терминдерінің қалыптасуында терминжасамның барлық тәсілдері қолданылады. Дегенмен, жалпыхалықтық тілдің сөздің құрамында көпмағыналылық, синонимдес атаулар көп, олар термин таңдауда өз ықпалын тигізіп отырады. Мысалы, туберкулез атауының қазақ тіліндегі баламасы, жалпыхалықтық тілде көкірек ауру, құрт ауру, көксау, өкпе ауруы, көкірек бұзылуы, көкірек құрты болса, радикулит – бел ауруы, құяң, шойырылма, зуд – ашу, қышыма, қышып дуылдау, т.б.

Осы мысалдың өзі қазақ тілінің сөздік қоры медицина тілін қазақшалауға толық мүмкіндік бере алатындығын көрсетеді. Тек оны өз мағынасында, ғылыми мәнге ие болатындай мүмкіндік беретін тілдік ортаға бейімдеу керек. Термин ретінде бекітіп, қолданысқа енгізу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мырзабеков С. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.
2. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013.
3. Нұрмұхамбетұлы Ө. Орысша-қазақша медициналық (физиологиялық) сөздік. – Алматы: Эвро, 2009.

4. Зайсанбаев Т.Қ. «Қазақ әліпбиі және медициналық терминдердің жасалуы». - <http://www.mtdi.kz/audarmashyga-komek/makalalar/1476-kazak-alipbii-jane-medicinalyk-terminderdin-jasaluy>
5. <http://baq.kz/news/kazakstan-2050-mangilik-el/meditsina-terminderi-kalai-audarilip-zhur-38481>

УДК 81'1-027.21

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНІҢ
САЛЫСТЫРМАЛЫ АСПЕКТІДЕ БЕРІЛУІ
(қазақ-ағылшын мақал-мәтелдерінің негізінде)**

Беркимбай Айгерим Сакеновна

aigerimsakenovna@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылым жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Г.Ә.Мұратова

Паремиялық бірліктер әлемнің тілдік бейнесін құруда айрықша рөлге ие. Оның себебі, паремалар ұлттың мәдени ерекшеліктерін, танымдық көзқарастарын сипаттай келе, белгілі бір халық туралы нақты ақпарат береді. Сондықтан паремаларды тек қана құрылымдық жүйе аясында емес, сонымен қатар, антропологиялық парадигма, оның ішінде когнитивті лингвистика, гендерлік лингвистика тарапынан қарастырған жөн. Осы мақала барысында жоғарыдағы мәселелер қамтылып, талдауға алынады.

Жалпы, «гендер» ұғымы мазмұны қарай «жыныс» ұғымымен тікелей байланысты. Дегенмен, қолданыс барысында «жыныс» ұғымының тек қана биологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне сай жіктелімі; ал «гендер» ұғымы одан ауқымды әрі халықтың мәдениеті мен тарихы туралы хабардар беретін, қоғамның әсерінің нәтижесінде пайда болған қосымша көзқарастар мен түсініктерді қамтиды. Биологиялық жыныс пен әлеуметтік жыныс (гендер) мәселесі тек қана гендерлік зерттеулер аясында жүзеге асады. «Гендер» ұғымын тілдік жағынан сипаттап, оның ерекшеліктерін анықтап, дамытқан ғалым – А.В. Кирилина. Автор өз еңбектерінде «гендер» және «жыныс» ұғымдарын келесідей ажыратып берді: «Гендер (социальный или социокультурный пол) не является языковой категорией, но его содержание может быть раскрыто путем анализа структур языка, что объясняет востребованность лингвистической компетенции для изучения культурной репрезентации пола» [1, 133].

Гендерлік лингвистика – тіл білімі саласында жаңадан қалыптасып келе жатқан салалардың бірі. Әйел мен ер адамдардың жіктелімі, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі, қоғамдағы ролін зерттеу - уақыт талабы. Осыған сәйкес, гендерлік лингвистика саласындағы зерттеулердің өзектілігі жоғары болып отыр [2, 23].

Зерттеу аясына алынған тақырыптың өзектілігі, ең алдымен, жыныстық жіктелім мен тілдік бірліктер арасындағы байланыс, соның негізінде пайда болған көзқарастарға талдау жасаумен; екіншіден, гендерлік лингвистиканың осы мәселесіне зерттеу жасай келе, қазақ тіл біліміндегі гендерлік зерттеулердің бағыт-бағдарымен танысу және ағылшын тілімен салыстыру, оның аудармадағы көрінісін талдаудың маңыздылығымен айқындалады.

Зерттеу нысаны ретінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі паремиялогиялық тілдік бірліктер алынып отыр. Себебі, паремиялық бірліктер шағын көлемді болғанымен, ұлттың мәдени құндылығы, тарихы, салт-дәстүрі, ділі туралы ақпаратты толыққанды жеткізеді. Сонымен бірге, аталған бірліктер ұлттық мәдениетпен етене жақын, экспрессивті реңкке ие болғандықтан, аудармада біршама қиындықтар туғызады. Қиындықтарды алдын-алу, бағыт-бағдар беру мақсатында осы салада зерттеу жұмыстарын әрі қарай жетілдіру маңыздылығы жоғары. Екі немесе бірнеше ұлт өкілдерінің барлық ұлттық ерекшеліктерін есепке ала отырып, толыққанды әрі дұрыс аударма жасау – тараптар арасындағы түсіністіктің және достық қарым-қатынастың кепілі.